

–Подведение итогов научно-педагогического эксперимента, обобщение и систематизация результатов.

–Выпуск методического пособия в помощь педагогам, осуществляющим полиязычную подготовку детей дошкольного возраста.

Итогом внедрения данной модели был выпуск методического пособия.

С этого учебного года во всех группах среднего дошкольного возраста продолжаем внедрять работу студии «Полиглот».

Список литературы:

1.Н.Назарбаев: "Новый Казахстан в новом мире" – Астана.: 01.03.2007г

2.Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2016-2019 годы.

3.Закон Республики Казахстан «Об образовании» от 27.07.2007 г. № 319-III.

ЖАҢА БІЛІМ ИННОВАЦИЯСЫ- ЖАУАПТЫ ІС

Оспанова Гулжайна Абдикалиевна
Новостройка ОМ
Қарабалық ауданы

Аннотация

XXI ғасыр жаңа технологиясы жаңа бағытқа бағдарлайды. Жаңа технологиялар- болашақта сапалы білім беретін жүйе.

Аннотация

XXI век –век новых технологий и обновление нового образование . Новое технология -это новый залог будущего качественного образование.

Abstract

XXI st century is a century of new technologies and intormatization. The key to a succtsstul tuture of a yound deneration is duality education.

Түйінді сөздер: СМАРТ, СТО, АКТ,Блум таксономиясы,бағалау.

Ключевые слова: СМАРТ,ИКТ,критическое мышление, таксаномия Блума, оценивание.

Keywords SMART ,ИКТ, critical thinking ,Taxonomy of Bloom.

Білім беру – аса жауапты іс. Өйткені, ол арқылы тұлға қалыптасады. Сонымен заман талабы- қарқынды дамытып келе жатқан ортада өмір сүруге қабілетті, өзін-өзі дамытуға, өз ойын еркін айта білуге, өз қалауы мен қоғам талабына сай өзін көрсете білуге бейім, білімді, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Осы аталған нәтижеге бағытталған білім беруге өту жағдайында жалпы білім беретін мектептегі басқару жұмысы өте жауапты іс.

Ендеше жанарту жағдайында мектепті басқарудың бірден-бір жолы демократиялық жолмен ынтымақтастық педагогикасы негізінде ұжымды жігерлендіре отырып, қоғам алдындағы жауапкершілікпен орындау.

Ертеңгі күннің бүгінгі күннен асып түсуіне ықпал етіп, азамат қоғамын алға қарай жетелеуші тек білімге ғана тіреледі. Қазіргі таңда мектеп оқушыларын тереңдеп оқыту, ақпаратты болуы заман талабы. Бұрын кітапхананың есігін тоздырсақ, қазіргі заманның талабы интернет, агент, онлайн т.б. электронды желісін қолданғаннан бері пайдалануда. Және де осы заманымыздың жан-жақты дамып өзгеруіне байланысты оқушыларымыз түбегейлі өзгеріп жатқан қоғамға бейім. Оқушылар сабаққа қатысты материалды электронды желіден тез, жылдам алып алады. Әрі ыңғайлы, оқушының уақыты тиімді. Мен өзімнің сабақтарымда керекті материалдарды электронды кітапханалардан аламын.

Бұл желілік қоғамдастықтың мүшелерінің өзіндік жауапкершілік кәсіби жұмыстары атқарылатын болады. Кәсіби қоғамдастық мүшелерінің басын қосу үшін онлайн жүйесін жүзеге асырып қосуын жоспарлап отырмын. Және де жоспарланған

кездесу барысында өзіміздің зерттеу жұмыстарымыздың нәтижелерін талқылап, қандай қиындықтар туып тұр соны бірлесе отырып шешуге, және тағы да басқа тәсілдерді қолдану үшін дидактикалық мәселе жайында қолданып көреміз. Және сабақтарымыздың зерттеу барысына 7 модуль элементтерін қамтып, дамытып, дәстүрлі түрінде дағдыландыруын қарастырып отыратын боламын. Қоғамдастықтың жүзеге асырылуы үшін өз алдына мақсаттар мен міндеттер қою барысында және осы жұмыстарымыздың нәтижесі көріну үшін аудандық семинарларда, аудан білім бөлімінің әдіскерінің көмегімен ауылдық мұғалімдерімен қарым-қатынастың болуы – олардың бірлесіп жұмыс істеуге жүзеге асыру. Қазіргі кезде барлық мектептер интернет желісіне қосылғандықтан мұндай қоғамдастық интернет желісі қиындық тудырмайды деп ойлаймын. Қоғамдастыққа кіргісі келетін мектептерге электронды адрес бойынша жарнамалар жасаланатын болады. Жаңа технологиялар мен әртүрлі әдіс-тәсілдерді бірте-бірте сабақтарына қамти отыра енгізіліп, қазір ғана үйреншікті қалыпқа қалыптасуда. Бала туа біте дарымайды, баланы бірте- бірте қиындықтарды жеңу үшін, ізденістерге итермелеп тәрбиелеп, өздігінен білім алуға, сыни көзбен қарауға, қатарынан кем қалдырмауға, бар күшімізді салу керектігін біле отыра осындай заман талабына сай өзгерістерге сүйенуіміз керек. Сол үшін мұғалімдер мен оқушыларды көптеген еңбек белестері ХХІ ғасыр қадамында күтіп отыр. Жалпы сабақтарды қорытындылай келгенде мұғалімдеріміз сабақтарын бастамас бұрын оқушыларды сабаққа деген дейіні дұрыс бағытта болуы үшін психологиялық бағытын дұрыс қойды. Lesson study ретіндегі жұмысымыздың нәтижесін көру үшін кері байланысты қолдану маңызды. Кері байланыс арқылы шынайы нәтижені көруге болады. Тәлім алушыма Lesson study әдісінің мақсатымен тиімділігін түсіндіріп өттім. Сабақ жоспарын дайындап алды. Оның сабағына қатысып талдау жасалынды. Ол Lesson study –дің үдерісіне ерекше қызығушылық білдірді.

Сабақтардың атмосферасы жайлы, табыс критериясы мен сын тұрғысынан ойлауды дамыту жағы қарастырылған және топ ережелері сақтаулы. Оқушылар сабақта белсенділік, тыныштық, сыпайлық танытты. Немқұрайлы қарайтын оқушылардың өзі қолдарын көтеріп, барынша жауап беруге және тұжырымдамалық карта бойынша барлық оқушылар белсенділігі мен жауапкершілігі арта түсті. Содан кейін оқушылардың сабақтарда болып жатқан өзгерістер туралы ой пікірлерін білгім келіп олардан сұхбат алуды жөн көрдім. Оқушылар бір ауыздан сабағымызда бұрын тұжырымдамалық арқылы жұмыс жасамайтынын, кері байланыс арқылы өз ойын еркін айтатынын, жұмыс қабырғасы мен топ жұмысында баяндамашы, хатшы, бақылаушы бұрын олай болмағанын, бірлесіп жұмыс жасайтынын, достық қарым-қатынас туатынынайтты.

Жұмысымыздың басты мақсаты әріптестеріміздің оқу үдерістеріне педагогикалық тәжірибесіне өзгерістер енгізуін, және оқушыларымыздың сауаттылығы қазіргі болып жатқан өзгерістерге бейім болуын көздейтін, әрдайым өздеріне жаңашыл өзгеріс енгізіп отыратын, осы болып жатқан өзгерістерді мұғалім өз сабақтарынан, оқушыларынан көре алатынына қолдау көрсеттім.

Мектебіміздің даму тәжірибесінің процессінде өздігінен білім алуды, жаңа технологияларды меңгеруді, сын тұрғысынан ойлауды, модульдік технологияны, жобалау технологияны қолдарынан келгенінше қолданып жатыр. Мектептің барлық мәселелерін ескере отырып, мұғалімдерімізден бастап оқушыларымыздың күнделікті өтіп жатқан дәстүрлі сабақтарымызға сыни көзбен қарауға, сын тұрғысымен ойлау жұмысын, логикалық ойлауды, оқушылардың өздігінен жұмыс жасай алуын, бір-біріне деген көмек көрсету дағдыларын қалыптастыруын, қазіргі еніп жатқан инновациялық технология түрлерін енгізуін және 2013-2018 жылдар аралығындағы мектептің даму мақсаттары мен міндеттеріне өзгерістер енгізуге боларын, зерттеу жұмыстарын әлдеде қамту керек екенін түсіндім.

Осы заманда білім беруі нақты және сапалы өзгерістер еніп жатыр, білім беру қызметіне жаңаша қарап, педагогтардың іс-әрекетіне шығармашылық ізденісіне талап етеді. Әрине, инновация өздігінен пайда болмайды, ол ғылыми ізденістерді, мұғалімдердің үздік педагогикалық тәжірибесінен туындайды. Бұл жүйелік үнемі дамиды үдеріс болғандықтан ол ұйымдастыруды қажет етеді.

Сабақта мұғалімдер сабақтың құрылымын сақтайды, қолайлы психологиялық климат құрады, ойын технологиясын, жеке-бағытталған оқу дифференциация, тапсырманың түрлі деңгейлігін, жеке жұмысын, ТСО қолданады, валеологиялық және өңірлік компонент пайдаланады. Мұғалімдердің қызмет мақсаты оқушылардың жаттыққандық сапасын арттыру бойынша өз нәтижесін береді.

Бірнеше жылдар бойы оқу-тәрбие үдерісінде инновациялық әдістерді және әртүрлі халықаралық оқу бағдарламаларын тиімді пайдалану нәтижесінде жасөспірімдерді тәрбиелеуде, оларға тиянақты білім беруде мектеп ұжымы бірнеше жетістіктерге қол жеткізді.

Сабақтар интерактивті түрде өткізілуде, АКТ пайдалануда, кеңінен жұмыстың жалпы сыныптық және топтық түрі қолданылуда. Мұғалімдер барлық сабақ мерзімінде оқитындардың білімін есепке алу және бақылау жұмысы жүргізілуде, сондай-ақ оқушыларды оқыту жөнінде өзін-өзі бақылау әдістері сияқты басқа оқушыларды жауаптарын бағалау. Барлық мұғалімдер сыныптан тыс жұмысын пәнді таңдау бойынша және үйірме жұмыстарын жүргізу арқылы өткізуде. Мектебімізде мұғалімдердің кәсіби деңгейін арттыру үшін педагогика ғылымының ең жаңа жетістіктерін, отандық және шетелдік озат тәжірибелерді енгізуді қамтамасыздандыру, оқытудың жаңа педагогикалық, инновациялық бағыттарын игеру басты шарт болып табылады. Өйткені мектеп жұмысының білім сапасы ең алдымен педагог мамандардың кәсіби деңгейіне, әдістемелік шеберлігіне тікелей байланысты.

Қазіргі таңда біздің шәкірттеріміз шексіз мүмкіндік туған заманда өмір сүріп жатыр. Оқушыны әлемде болашағына дұрыс таңдау жасай алатын, ұтымды шешім қабылдай алатын, сондай-ақ өзінің өміріндегі өзгерістер ағымына икемделе, қабілетіне байланысты өмір сүру күтіп тұр.

Қазақстан Республикасы білім беру стандарттарына (12 жылдық) сәйкес келетін білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз етіп, өзін-өзі тәрбиелеуге, өздігінен білім алуға, таңдауға, іске асыруға, дамытуға, кәсіптік білім беру бағдарламаларын меңгеруге дайын жеке және қоғамдық мүдделерді үйлестіре білетін жан-жақты мәдениетті шығармашылық тұлғаны қалыптастыруға барын аямай ұсынып отыр.

Осы мақсатты жүзеге асыруға мен бірінші мектеп басшысымен бірінші ілгері деңгей біліктілігін арттыру курсының технологиясын мектепке қалай енгізе алатынымды, 7 модуль жайында мұғалімдермен бірлесіп жұмыс жасайтыным туралы кеңесуді жоспарладым. Кез келген қоғамның толғандыратын негізгі мәселесі балаларды оқыту мен тәрбиелеу болса, білікті маманның әрдайым үлкен сұранысқа ие екені анық. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Келер ұрпақ алдында зор жауапкершілік жүгін арқалап келеміз» деп өз сөзінде айтқандай, еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Отанымыздың өсіп өркендеуінің, бәсекеге қабілетті болуының ең басты ошағы- ұстаз берген білім. Сондықтан осынау жаһандану заманында өркениетті елдер қатарына қосылуы көздеген мемлекетіміз білім беру саласын дұрыс жолға қойып, білім сапасын көтеруді басты мақсат етуде. Ендеше, осындай бәсекеге қабілетті, рухы биік, жан-жақты қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу жаңа заман мұғалімінің еншісіне тиер іс. Олай болса, ұрпаққа білім беріп, тәрбиелейтін, жаңаша көз қарасымен жан-жақты дамытатын ұстаздар қауымының қоғам қажеттілігіне сай, шебер мұғалім болуы заман талабы екені даусыз екенін түсіндім.

Әлемде білім беру жүйесін реформалау не үшін қажет?

Жиырманшы ғасырдың сексенінші жылдарынан бастап алдыңғы қатарлы дамыған елдердің білім саласында кең көлемде реформалар жүргізіліп жатыр. Ондай реформалар ТМД аумағындағы мемлекеттерде, соның ішінде Қазақстанда да жүргізілуде. Қазіргі кезде Еуропа кеңесінің (1992) Декларациясына сәйкес 12 жылдық білім беру жүйесіне дүниежүзінің 138 жуық мемлекеттері енген екен. Олардың ішіне дамыған елдерден АҚШ, Жапония, Германия, Франция және т. б. кіреді. ТМД елдерінен 12 жылдық орта білім беру мерзімін Өзбекстан, Латвия, Литва, Эстония, Украина, Молдова таңдады. ТМД және шетелдік ғалымдардың пікірінше физиологтар, психологтар, педагогтар 12 жылдық білім берудің құрылымы оқыту және жасерекшелігінің дамуына сәйкес болуын ескеру қажет деп санайды. Қазақстанымызда 12 жылдық білім кеңістігіне енді ғана еніп, бет бұрыс ала бастап жатырмыз.

Жиырманшы ғасырдың сексенінші жылдарынан бастап алдыңғы қатарлы дамыған елдердің білім саласында кең көлемде реформалар жүргізіліп жатыр. Ондай реформалар ТМД аумағындағы мемлекеттерде, соның ішінде Қазақстанда да жүргізілуде.

Әлемдегі бәсекеге қабілетті елдердің қатарына республиканы кіргізу мақсатында білім беру жүйесін реформалау маңызды рөл атқарады. Қазақстандағы білім беру реформаларының басты мақсаты- білім беру жүйесінің жаңа әлеуметтік – экономикалық ортаға бейімделуі болып табылады. Бүгінгі таңда білім беру саласын жеке тұлғаны дамытуға бағыттай оқыту мазмұнының құрылымына жаңаша қарауды талап етеді. Қазіргі кезде білім берудің жаңа парадигмасының негізгі сипаты – оның фундаментальдығы, біртұтастығы, жеке тұлғаның мұқтажын қанағаттандыруға бағыттаулы.

Тәуелсіздігімізді алғаннан бері елімізде көптеген жаңаша өзгерістер, болып жатқаны баршамызға белгілі. Сол өзгерістердің бірінен елімізде үш тілді меңгеруінен бастасақ, 2004 жылынан біртіндеп мектебімізге жаңаша білім жүйесі еңгізілуде.

Жаңа технологияның басты мақсаттарының бірі- баланың оқыта отырып, ой еркіндігін, белсенділігін, ізденпаздығын қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру.

Әдебиеттер тізімі:

1. «12 жылдық білім» журналы 2012 жыл
2. «Учительская плюс» газеті 2013 жыл 17 мамыр
3. I деңгей мұғаліміне арналған нұсқаулық
4. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
5. Малькова З.А. Жапониядағы XXI ғасырдағы білімнің даму стратегиясы. Шетелдердегі білім жүйесінің жобалау моделі 1994
6. Никулина А.С. Жапонияның экономикалық инновациясы: себептері мен ерекшеліктері. 2007ж

ПЕРЕХОД НА ОБНОВЛЕННОЕ СОДЕРЖАНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ – ОДНА ИЗ ЦЕЛЕВЫХ УСТАНОВОК СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Раисов Рамазан Елеусизович
Айдархан Жазира Жукатаевна
ГУ «Средняя школа №10 отдела
образования акимата города Костаная»

Аннотация

Мақалада жаңартылған білім беру мазмұнын пилоттық мектептерде апробациядан өткізу ерекшеліктері, үш жылдың нәтижесі және мұғалімнің кәсіби өсуіне ықпалы баяндалған.